

Ақбаева Ш.Ә.

БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНДІРУ

Ақбаева Ш.Е.

ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕСС ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

XX ғасырдың басында қазақтың көрнекті педагогы, қоғам қайраткері мен зерттеушісі Ахмет Байтұрсынов өзінің «Қазақ» газетіне шыққан «Мектеп керектері» деген мақаласында «... ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім...» деп оқытуды ғылыми тұрғыдан айқындап берді. Мұғалімнің шеберлігіне байланысты көптеген талаптар қойды. Үздік, шебер ұстаз болуы үшін оқу үрдісінің мәні мен заңдылықтарын жетік білу, оқушыларға білім беруде оқыту әдісін жан-жақты терең меңгерген жетік маман болу, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қойылатын талаптар мен міндеттердің деңгейін анықтай алатын адам болу мен қатар, қоғамда, педагогика ғылымында болып отыратын жаңалықтарды тиімді қолдана білуге даяр маман болу керек деп тұжырымдаған.

Көрнекі неміс педагогы А. Дистервег оқытуда дәл құрастырылған жоспар мен жақсы оқулықтың маңызын жоғары санағанымен, оқушыларға өз үлгісімен көп ықпал ететін мұғалімнің орны ерекше деп түсінеді.

Қазіргі кезде білім жүйесінің алдында тұрған көкейкесті мәселе - білім сапасын көтеру, оны білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкестендіру. Бұл үлкен мәселе және оны шешу тек білім жүйесінің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті деп айтуға болады. Өйткені, білім беру сапасы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі шарттарының бірі және оның даму деңгейінің көрсеткіші. [1].

Қазақстан Республикасы болашақта өсіп-өркендеп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің бірі болуы, бүгінгі жастардың жоғары дәрежелі білімді, өнерлі, өнегелі, мәдениетті маман етіп тәрбиелеуге тікелей байланысты. Демек, жоғары оқу орнындарына қойылатын негізгі талап – жан-жақты білімді, кәсіби мамандығын жете меңгерген, қабілетті, іскер маман дайындау.

Сондықтанда, бүгінгі күн талабына сай мектепті демократияландыру, ізгілендіру барысында оқу-тәрбие жұмысының қандай саласын болса да жаңаша құру үрдісі жүргізілуде. Осындай жаңа талаптарға сай мектептегі негізгі тұлға- мұғалім де шығармашылық тұрғыдан оқу-тәрбие үрдісін өз деңгейінде жүргізуі тиіс. Болашақ бейнелеу өнерінің

пән мұғалімдерін оқу іс-әрекетіне кәсіби даярлау үшін, суретші-педагог мамандығының теориялық аспектілерін қарастырған жөн.

Жоғары оқу орнындарының көркем сурет факультеттерінің алдында тұрған, таяу арадағы басты жұмыс бағыттарының бірі- саналы кәсіби дайындалған суретші – педагог мамандарды, яғни бейнелеу өнері пән мұғалімдерін дайындауды қатаң бақылауға алып, үзіліссіз педагогикалық білім беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Болашақ бейнелеу өнері пән мұғалімдерін үздіксіз кәсіби, көркем білім бере отырып, оқытып тәрбиелеудің қажеттілігі - оқыту сатыларының сабақтастығы мен жүйелілігі және нәтижелілігінде.

Ал оқу бағдарламалары және оқыту процесі белгілі бір әлеуметтік тапсырысты орындауға бағыттталып, қатаң тапсырма күйіндегі формада болуға тиісті емес, сондықтан да оқу бағдарламаларына қажетті өзгертулер енгізуге болады.

Жаңа білім беру жүйесіне көшудегі өзекті мәселелердің бірі – бейнелеу өнерін оқыту әдістемесін оқыту технологиясын жетілдіру, оны ізгілендіру және демократияландыру, болашақ бейнелеу өнері пән мұғалімдеріне демократиялық, интерактивтік әдіс-тәсілдерді оқытып, меңгертуде педагогикалық-психологиялық тұрғыдан кәсіби даярлау қажет. Осы тұрғыда біздің ойымызша, біздің көркем сурет факультетінде «бейнелеу өнері және сызу» мамандығында оқитын студенттерге мынадай таңдаулы арнайы курстар оқылса демекпіз. Олар: «бейнелеу өнері мен сызуды оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері», «Қазіргі заман мектебіндегі бейнелеу өнері пәнінің жаңа инновациялық технологиялары» және с.с. т.б.

Соңғы жылдары педагогика саласында жаңаша білім құрудың даму процесін зерделеуде білімнің жаңа бағыты ретінде педагогикалық инновация дамып келеді. Бұл бағыт жаңа сипатты қандай дәрежеде деген сұрақ өзекті мәселе болып отыр. «*Инновация*» деген сөз – латынның «*nous*» жаңалық және «*in*» енгізу деген сөзінен шыққан. Тәжірибелер көрсетіп жүргендей, кезкелген инновация-мөлшерлес іс-әрекеттің шегіне ұмтылуы және одан шығуы.

Инновация былайша жіктеледі:

1. Білім берудің мазмұнына сәйкес іске асыруға байланысты эксперименталды және эксперименталды емес;
2. Технологиясына, формаларына, әдістеріне, қабылдауларына, оқу-тәрбие процестің құралдарына қарай;
3. Масштабына қарай (жоғары оқу орны, лицей, колледж, гимназия, академия, университет);
4. Инновациялық өріске сәйкес: радикалдық, комбинаторлық, модификациялық;
5. Мақсатты көздейгін функциясы бойынша;
6. Инновация көздері, жоспарлау көздері, бастамашылдық көздеріне байланысты;
7. Нәтижелілігіне, оның ішінде әлеуметтік салаларына байланысты;

Енді қазіргі таңдағы білім берудің иновациялық технологиясына үніліп көрелік. Мұндағы оқыту жаңалығы өмір сүріп жатқан мәдениет, қоғамдағы әлеуметтік ортаның өзгеруіне жаңаша өзгерістер әкелетін білімді қызметтің нәтижесі мен процесі болып саналады. ХХІ ғасырда әлемдік деңгейді қамтыған бұл жаңа бағыт – тұлғаның деңгейлік ұстамын анықтап, өзін-өзі бағалау мүмкіндігін ашуға жол сілтейді. Осы тұрғыдан еліміздегі білім беру кешенінің жалпы жаңа бағытын, мазмұны мен құрылымын, дидактикалық ізденістерін талдап, ұсыныстар енгізу біршама қолға алынып тиісті ғылыми зерттеулер мен ғылыми-педагогикалық іс шаралар көрінуде [2].

Технологиялық әдіс жастардың қызметін дәстүрлі оқытумен бірге жаңарта түседі. Дидактикалық ізденістерге сәйкес, технологиялық әдістің өз ерекшеліктері анықталып отырады.

Дидактикалық ізденіс көрсетілген әдіс шеңберінде мынадай бағыттарды сілтейді:

- Стандартты оқу процедураларына аса көңіл бөлінеді;
- Оқытушыны жаңа дидактикалық материалдар мен оқытудың техникалық құралдарын меңгеруге, игеруге, жаңа ізденіске әрі оқытудың сапалылық жақтарына бейімделуді талап етеді;
- Дидактикалық принциптар мен мақсаттарды биік танымдық деңгейге қоюды, педагогтардың кәсіби жеке дайындығын көтеруді меңзейді;

Осының бәрі жаңа педагогикалық технология мен практиканың талаптары болып табылады.

Қазіргі ЖОО-да көркем білім беру саласындығы маңызды мәселе – педагогикалық-психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғысынан көркем кәсіби білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын суретші – педагогтарды кәсіби тұрғыда даярлау.

ЖОО-да көркем сурет факультеттерінде оқытып-тәрбиелеу ісін жаңаша бағытта өзгерту және оған педагогикалық жаңалықтар енгізу көркем білім

берудің жаңа аймағының, яғни педагогикалық инновацияның қалыптасуына әкеледі.

Оқу-тәрбие үрдісінде жаңалықтарды енгізу басты төрт кезеңнен тұрады:

1. Жаңа идеяны іздеу. Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру;
2. Жаңалықтарды ұйымдастыру. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу;
3. Жаңалықтарды енгізу. Оқу- тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану;
4. Жаңалықтарды бекіту. Оқу- тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау;

ХХІ ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделген:

1. Білім сапасын көтеру;
2. Компьютерлендіру;
3. Интернет жүйесімен байланыс жасау білу;
4. Электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау;

Бұлардың бәрі студенттердің қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Әр студент компьютерлік технология арқылы интернет, электронды пошта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өз қажеттерін өтейтін білімді толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтер мен ғылым, білім саласына байланысты озық іс-тәжірибелер мен танысуға толық мүмкіндік бар.

Білімдегі білімдендіру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңдегі жоғарғы мектеп оқытушыларын даярлау педагогикалық қауымдастықтың назарын аударып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Болашақ пән мұғалімдерін педагогикалық біліктілігі оның кәсіби білімінің деңгейімен, жеке басының қабілеті және тәжірибесімен, өз бетімен білім алуға ұмтылысымен, кәсіби-педагогикалық қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауымен анықталады. [3].

Студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруды басқару жоғарғы мектеп пән оқытушысының кәсіби қызметінің ерекше саласы болып табылады және көңіл бөлінуі мүмкін.

- Ұйымдастырушылық қабілетінің болуы;
- Шығармашылық қабілетін дамыту;

Жоғары оқу орны ақпаратты қоғам жағдайында оқып, білім алуға бейімделу; жаңа ақпараттық технологияларға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау; білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесін жаңарту; дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кірістіру сынды міндеттерді атқаруға тиіс.

Республикамыздың барлық жоғары оқу орындары жоғары білімнің бәсекелестігін және сапасын арттыру мақсатында оқытудың кредиттік жүйесіне

көшуде. Студенттердің жеке өздігінен білім алу мүмкіндігіне сай оқу бағдарламаларын құруда, оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде студенттердің өзіндік жұмысы мен шығармашылық ізденісін жетілдіруде бұл *инновациялық технологиялардың маңызы зор.*

Қорыта келе, ғылым мен білімнің жаңаша дамуы, жана технологиялық деңгейге көтерілген ғылым және ақпарат ағымы бірнеше есеге ұлғайған қазіргі кезеңде ЖОО-да білім беру сапасы да жаңа деңгейге көтерілуі керек. Әсіресе, студенттер алған білімдерін тиімді пайдалана білуді үйрету университет білімінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
2. Қар.: Букенов Ж.К., Куанышев С.С. Инновация в образовании в условиях современных педагогических технологий. – Караганда, 2001; Қазақстан экономикасын индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы білім беру стратегиясы: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қарағанды: Қарму баспасы, 2006 және т.б.
3. Әмір Ш., Құрманов М. Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары // Қазақстан мектебі, № 6, 2001.